



**Абдрахманова М.Б.,
Дайрабаева Г.М.**

**ЕСІРТКІ БИЗНЕСІНЕ ҚАРСЫ
КҮРЕС ШАРАЛАРЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ**

*В этой статье рассматривается
организация мероприятий против
борьбы с наркобизнесом.*

*The aim of this work is, «Combating the
problem of forensic and criminal act against
drug abuse in the Republic of Kazakhstan»,
that is the correct use of the future basic and
legal laws against drugs and toxic
substances.*

Адам баласы ешуақытта өздігінен жаман нәрсеге бой алдырмайды. Өзін нашақор боламын деп те ойламайды. Әсіресе, есірткіні пайдалануға адам жасөспірім шағында, өтпелі кезеңде ұрынып қалады. Организмі әлі даму үстінде әрі өмірдің қараңғы тұстарын танып үлгермеген жасөспірім қызығушылықпен есірткі құрбанына айналады. Оған біріншіден, баланың жүрген ортасы әсер етеді. Адам жастық шағында көруге, білуге құмартып отырады. Наша таратушылар да құрбандығын осы жасөспірімдер арасынан бастайды. Өйткені, оларды алдау, арбау оңай. Алдаудан бұрын, қызыққыш жас бала өзі келіп қақпанға түседі. Осылай тауқымет тартып, есірткі кесепатының құрбанына айналады. Әрбір ата ана жасөспірім баласының тәрбиесіне назар аударып, оның жүріс тұрысын жіті қадағалағаны жөн. Әсіресе, үйден ақша, бағалы заттардың жоғалуына, баланың ақшаны жиі сұрап, әртүрлі сылтау айтуына, көңіл күйінің біресе сынаптай бұзылып, біресе көңілденуіне, оқуға, сүйікті ісіне ынтасының жоғалуына бала бойындағы өзгерістерге аса мән беріп, зер салу керек. Көңілге күдік орнаса, дәрігерлердің кеңесіне дер кезінде жүгініп, төніп тұрған бақытсыздық бұлтын сейілтуге болады [1.15]. Ата ана баланың басындағы ауыр жағдайға көп көңіл бөлетіні соншама, олар жасөспіріммен болған әңгіме барысында оның есірткіге тәуелділігі жайында қайта қайта айтып отыратыны өтірік емес. Сенімсіздік, баланы қайта қайта тексеру оны одан сайын тұқыртып, өз өзіне деген сенімін жойып, өмірге деген көзқарасын әлсіретеді. Сөйтіп қамқор болар ата-анадан үміт үзген жасөспірім қайтадан есірткімен «достасады». Ең бастысы баланың жан дүниесіне терең үңіліп, оған қамқор болып, жан жақты түсініп, мәселені бірігіп шешу бақытсыздықтан құтылудың басты жолы деп білемін.

Қазір Қазақстан халықаралық есірткі бизнесінің жолында жатыр. Бұрындары Ауғанстан есірткісі мұхит айналып барып, Еуропа нарығына түсетін болса, енді бұл жол бірнеше есе қысқарған. Тәжік, өзбек, қазақ шекаралары арқылы Ресейге жетіп жығылады. Ал Қазақстанға жеткен есірткілер Шымкент-Қызылорда, Қарағанды-Астана және Семей-Өскемен арқылы Ресей аумағына сапар шегеді. Тіпті, соңғы уақытта Қытайға аспақ болған ниеттері байқалуда. Ұрынғы Ұлы Жібек жолын енді есірткі жолына айналдыру әлдекімдердің ұлы арманына айналғалы қашан. Әрине, мұндайдан жергілікті нашақор тұтынушылар да тыс қалған емес.

Есірткіге тәуелділік дегеніміз – адам



миына әсер ететін ауру, сондықтан да есірткі пайдалану әдетінен арылу әшейін ерік – жігер емес. Өйткені есірткі химиялық зат болғандықтан, мидың, нерв талшықшаларының жұмысын бұзады. Барлық есірткілер ми талшықтарын дофаминмен толықтыруға бағытталған. Дофамин дегеніміз нейротрансмиттер, бұл мидағы бөлім, ол адамның қозғалысына, үйлесім табуына, сезім, түйсігіне, қанағаттану сезіміне жауап береді. Әшейінде өмір сүрумен байланысты, (тамақ қабылдау, сүйіктісімен уақыт өткізу т.б.) кәдуілгі жүріс– тұрысқа әрекет жасайтын бұл жүйе есірткі пайдалану әсерінен шектен шыға қозуып, адамға желік бітіреді. Бұл адамдарды есірткі пайдалануды әдетке айналдыруға ықпал етеді. Сөйтіп, дофаминнің миға әсері азайып, нашакор есірткіден қанағат алудан қалып, оның орнын толтыру үшін нашакор есірткінің үлкен дозасын пайдаланады.

Есірткіге тәуелді адамдар әртүрлі қылмыстың қабырғасын қалайтындар блып табылады. Мысалы, есірткінің бағасы қымбат болса оны күнделікті қолдану керек болса, оны сатып алуға қажетті ақшаны көптеген адамдар қылмыстық жолмен табады. Олар ұрлық, тонау, шабуыл жасап тонау сияқты қылмыстарды жасауға мәжбүр болады. Нашакорға айналған адам өзінің ерік – жігерінен айрылып, іс – әрекетін ақылмен ойлай алмай, бақылауға ала алмай, есірткі пайдалануға ашкөздікпен кірісіп, барлық келеңсіз әрекеттерге барады. Есірткіге осылай толық тәуелді болады.

Нашакорлық ауруы біздің елде 80-90 жылдары кен етек алған. Мемлекетке тікелей қауіп төндіріп отырған бұл індеттің таралмаған ортасы да, аймағы да жоқ. Есірткі терминінің мазмұны екі аспектіні қамтиды: медициналық және заңдық. Медицина тұрғысынан қарағанда ол орталық нерв жүйесіне емдік ықпал етуші зат ретінде қарастырылады. Медициналық дерек көздеріне қарағанда, тәуелділік - бұл адамды өзіне және басқаларға зиян әкелуіне қарамастан, оның еркінен тыс есірткі қабылдатып, соған мойынсұнып, көндіретін, мидың созылмалы, жиі рецидивті ауруы. Медицинада бұл терминнің ауқымына көптеген дәрі-дәрмектер кіреді. Есірткіге тәуелділік дегеніміз - бұл ми ауруы, өйткені есірткіні теріс пайдалану мидың құрылымы мен функциясын өзгертеді. Көптеген адамдар есірткіні бірінші рет пайдаланғанда өз еріктерімен пайдаланады да, кейін есірткіні пайдалануды әдетке айналдырғандардың миында өзгерістер болып, олар өз өздерін бақылаудан айрылып, адамның ақыл есі тұманданады, ерік жігері болмай, организмі есірткінің құрсауынан шыға алмай қалады. Осыған қарап, дәрігерлер есірткіге тәуелділікті жеңуге болады дейді. Олар емдеуді дәрі - дәрмекпен қатар психологиялық емдеуді ұсынып отыр. Заңдық аспектіден алатын болсақ, бұл заттардың денсаулыққа, мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздікке тигізер зияны көп. Адамдар есірткіні бұрынғы қолданып келеді, діни салттарда басты айналдыру үшін, сондай-ақ емдік зат ретінде қолданған. Мысалы: 1810-1871 жылдардағы Француз-Прус соғысында апинды наркоз ретінде хирургиялық операцияларда қолдану нашакорлықтың таралуына себепкер болды. 1870 жылы бұл аурудың аты ретінде "моффинизм" деген термин шықты. Өткен ғасырдың аяқ кезінде апиын препаратты морфиннен өте күшті әрі қауіпті есірткі –героин алынды, қоғамда ол медицинадан тысқары кен қолданыс тапты. Есірткі қолданудың орташа ұзақтығы: кәмелетке толғанға дейін қолданғандар 3-6,3 жыл, жас кезде үйір болғандар - 4,3 жыл, ересек жаста бастағандарда - 2,6 жыл ғана өмір сүреді екен. Жалпы нашакор болуға не итермелейді?

Нашакорлық атты келеңсіздікке апаратын, итермелейтін жер адамның жүрген ортасы мықты әсер етеді. Тіпті жанұядан бастап достарына және адамның әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен оның өмір сүру деңгейіне дейін. Ең алдымен баланы осы жағдайға жеткізер жайттарға тоқталсақ, олар ең алдымен отбасына, балаға ата - ана тарапынан берілер тәрбиеге байланысты. Содан кейін баланың мектеп, оқу орынан алар тәрбие тағылымы. Сондай ақ, баланың жора - жолдастары мен жүрген ортасы, аралас - құралас достары мен сыныптастары да аса ықпал жасайды. Тағы бір айта кетер мәселе, баланың өмірінде кездесер қиындықтарды қалай қабылдауы. Балағат жастағы өтпелі кезең де бала өміріне үлкен бетбұрыс жасайды.

Сонымен қатар қазіргі кезде есірткіні көп қолдансын деген пиғылмен олар есірткінің бағасын мүлде төмендетіп жіберді. Жасөспірімдер мен жастарға тегін берген фактілер де болған. Мұндағы мақсат мектептерде, коллеждерде балаларды есірткіге үйрету. Мектеп жасындағы балаларды аяқ киім желімдейтін желімді целлофанға толтырып, ісіне елітіп, мас болуға шақырған. Оны пайдаланған балалар біраз уақытқа дейін есін жоғалтып, өзінің ісіне жауап бере алмайтын болған. Сол себепті әр нашакордың алдында ақшаны қайдан табамын деген мәселе тұрады. Олар: қайтарымыз ақша алу, ең оңай жолы – алдау. Яғни олар алдымен достарынан, тұған-туыстарынан, әке-шешесінен қарыз алады, үйінен ұрлау, көбінесе нашакордың қылмыстық жолы үйінен басталады. Қымбат заттарды, зергерлік, техникалық заттарды сатады, ұрлық- үйдегі ұрлайтын зат біткенде көршілердің, туыстарының заттарын және дүкендерге ұрлыққа түседі, қалта ақтаратын болады, есірткіні дайындау және сату.



Нашақорлар арасында мұндай еңбек «адал еңбек» деп аталады. Бұл ең көп ақша табу үшін қолданылатын жұмыс түрі. Алдау- бұл жағы да нашақорлар арасында көп кездеседі (қолдарындағы есірткіні өткізу немесе алу үшін түрлі қулыққа барады).

Ұлттық қауіпсіздік органдары 2009 жылдын он айында 19 есірткі арнасын, 16 есірткі тобын ауыздықтаған. Нәтижесінде, 213 қылмыстық іс қозғалып, 110 адам ұсталыпты. Олардан анау-мынау емес үш тонна есірткі заттары тәркіленген. Таратып айтсақ, оның 230 кг. героин, 588 кг. опиум, 2,2 тонна марихуана, 67 кг. гашиш және 4,5 мыңы “экстази” таблеткалары. Бұл бір ғана ведомство жұмысының нәтижесі [2.20].

Нашақорлықтың негізгі теріс салдарына мыналар жатады:

- 1) балалардың үйінен қашып кетуі, қаңғыбас болып жүруі;
- 2) ата-ана тарапынан берілетін тәрбие;
- 3) адамдардың жүрген ортасы;
- 4) есірткіге мас болып қылмыс жасаған адамдардың өсуі.

Нашақорлық қылмыстарының алдын алу үшін мынандай шаралар қолдану қажет:

- 1) осы аурудың алдын алу, келешек ұрпақты нашақорлықтан сақтандыру;
- 2) мектептер мен коллеждерде оқитын балаларға тегін курстар ұйымдастыру;
- 3) құқық қорғау органдары тарапынан қатан түрде күрес шараларын жүргізу;

Нашақорлықпен ауыратын адамдарға мынандай құқықтар көзделінген.

- 1) білікті медициналық-санитарлық көмек алуға;
- 2) наркологиялық мекемелер мен ұйымдарды таңдауға;
- 3) өз құқықтары, өздерінің наркологиялық сырқатқа шалдығуының сипаты, сондай-ақ емдеу және оңалту әдістері туралы ақпарат алуға;
- 4) медициналық-әлеуметтік оңалтуды тұрғылықты жері немесе қажет болған жағдайда, жүрген жері бойынша өткізуге.

Әдебиеттер:

1. ҚР Қылмыстық кодексіне түсініктеме. – Алматы, 1980.
2. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық (ерекше бөлім): Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2007.